

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады

Ешуа жауапкершілікті өзіне алады



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Ruth Klassen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.


1

Мұса қайтыс болды. Ешуа Нұнұлы
енді өзін Құдайдың исаилдіктерді
жетелеу үшін тандап алғанын
білді. Ешуа өзінің әскерін
дайындамас бұрын ол алдымен
өзі дайындалу керек болатын.
Құдай Ешуа Нұнұлына егер
адамдар Құдай Сөзіне
әрдайым бағынатын
болса, Уәделі
жерде жеңіске
жететініне және
Өзінің амандық
беретініне уәде етті.




2

Исраилдіктер Ешуа Нұнұлына еретіндеріне және әрқашан Құдай Сөзіне бағынатындарына уәде етті.



Даналықпен әрекет еткен жаңа жетекші ұлы қала Иерихонның қорғанысын тексеру үшін тыңшылар жіберді. Сол жерде Исраилдің бірінші шайқасы өту керек еді.

3



Иерихон патшасына әлдекім қалада тыңшылар бар екенін жеткізді. Ол өзінің жасақшыларын оларды іздеуге жіберді. Тінту сол адамдар тоқтаған Рахабтың үйінен басталды. Жасақшылар оның есігін тарсылдата қақты. Рахаб сол адамдарды зығырдың астына жасырған еді.


4

Жасақшылар кеткен кезде, Рахаб қала қабырғасынан адамдарды қауіпсіз түсіріп жіберу үшін алқызыл жіпті пайдаланды. Ол неге тыңшыларға көмектесті? Өйткені ол Құдайдың солармен бірге екенін білді. Ол Құдайдың өз өмірін сақтауын қалады. Тыңшылар Рахаб пен оның отбасын сақтап қалуға уәде берді.




5

Иерихонға жеткенге дейін исраилдіктерге Иордан өзенін кесіп өтуге, содан соң Уәделі жер Қанаханға баруға тура келді. Бірақ көпір болмады! Адамдар қалай өту керек?




6

Құдай Ешуа Нұнұлына діни қызметкерлер Он өсиет сақталған сандықты көтеріп, жасақшылар мен халықты жетелеп жүру керегін айтты. Діни қызметкерлердің аяқтары өзеннің жиегіне тиген кезде, Құдай керемет жасады. Құдай су арқылы өтетін құрғақ жол ашып берді.



7

Барлық адамдар аман-есен арғы жағаға өтіп болғаннан кейін он екі үлкен тасты өзеннің арнасына, ал он екі тасты Қанахандағы өзеннің жағасына қойды. Бұл, адамдарға өздерінің балаларына Құдайдың күдіретті күші мен сүйіспеншілігі жайлы айтуға көмектесетін естелік болатын.




8



Иерихонда мықты да қалың қабырғалар болды. Ешуа Нұнұлы өзінің шабуылын жоспарлаған кезде, Құдай Көктен Өзінің әскерінің Қолбасшысын жіберді, сол арқылы Израилдің жетекшісіне Құдай Өзінің халқы үшін шайқаста жеңетінін есіне салды.

9



Құдай Ешуа Нұнұлына Иерихонға шабуылды қалай жасау керегін айтты. Бұл бір қызық жоспар еді. Құдайдың халқы қаланы күніне бір реттен алты күн бойы және жетінші күні жеті рет айналу керек болды. Содан кейін олар керней тартып қатты айғайлау керек, сонда қаланың қабырғалары күл-талқан болып қирайды!

10

Ешуа Нұнұлы мен оның әскері Құдайдың бұйырғанындай істеді. Бәлкім Иерихондағы адамдар оларға күлген болар. Бірақ жетінші күні жетінші рет айналғаннан кейін діни қызметкер қошқардың мүйізін



тартты. Сонда Құдай уәде еткендей...
**ИЕРИХОННЫҢ ҰЛЫ
ҚАБЫРҒАЛАРЫ
ҚИРАП ҚАЛДЫ!**



11



Тек қабырғада тұрған Рахабтың үйі ғана қауіпсіздікте болды. Ол алқызыл жіпті терезеден салбыратып қойған еді. Ешуа Нұнұлының адамдары Рахаб пен оның отбасын тез құтқарып алды. Сосын Құдайдың бұйырғанындай, Иерихон талқандалды.

12



Ешуа Нұнұлы Иерихонның алтынын, күмісі мен қазынасын Құдайға қызметке бағыштады. Бұдан соң ол болашақта қаланы қайтадан салатын кез-келген жанды қарғады. Қанахандағылардың барлығы іле-шала Ешуа Нұнұлының Иерихонды жеңгені жайында естіді. Олар Құдайдың Өз халқымен бірге болғанын білді.

13

Ешуа жауапкершілікті өзіне алады

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Ешуа 1-6

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

14



Соңы

13

60

15

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін
өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

16